

Бекітемін:
Астана қаласы әкімдігіннің
«Мамандандырылған балалар үйі»
КММ директорының м.а.

Ж.А.Искалиева
« 13 » 08 2025 жыл

**Казимемлекеттік сектор субъектілерінде
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын
ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Казимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға жәрдемдесу және казимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленген.

2. Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген, халықаралық тәжірибелі ескереді және ұсынымдық сипатқа болады.

3. Осы Әдістемелік ұсынымдарда келесідей ұғымдар қолданылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – казимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің біріне жүктелетін, ұйым мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету функциясы;

2) казимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, соның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ оларға еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жеке мұдделер олардың өз қызметтік міндеттерін орындаудауна және (немесе) тиісінше орындаудауна әкеп соғуы мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы – сыйбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2 бөлім. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері және қағидаттары

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылды Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады (бұдан әрі – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет).

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты – квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық тәжірибелің сақталуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты түрде бағалау;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмысының акпараттық ашықтығы;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті үздіксіз жүзеге асыру;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3 бөлім. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

8. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы немесе алқалы атқарушы органы (болған жағдайда) қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға тартылған қызметкерлердің саны ұйымның штаттық санына және барлық құрылымдық бөлімшелерінде, соның ішінде еншілес ұйымдарында, филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге де оқшауланған бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеттерін тиімді орындауға қажетті көлемде айқындалады.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептілігін алқалы органға (болған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын бақылауға уәкілетті басқа тұлғаға қамтамасыз ету ұсынылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі оның лауазымдық нұсқаулығында немесе қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда белгіленуі тиіс.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке келесі функцияларды жүктеу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізу;

4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторинг жүргізу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген санаттағы қызметкерлерінің Занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік этика кодексін (болған жағдайда) сақтауын бақылау;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бүйрігімен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережеге сәйкес азаматтық қоғам

институттары мен бизнес-қоғамдастық өкілдерін тарта отырып сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9) жүргізілген сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері туралы ақпаратты жария түрде ашық ету;

10) сыйайлас жемқорлық фактілері және/немесе олар бойынша шағымдар негізінде қызметтік тексерулер жүргізу немесе оған қатысу;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін тәмендету бойынша жұмысты үйлестіру;

12) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға көмек көрсету;

13) сыйайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы және сыйайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі өзгерістерді мониторингтеу және талдау;

14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасайтын азаматтық-құқықтық шарттарға (соның ішінде сатып алу шарттарына) тараптардың сыйайлас жемқорлыққа қарсы заннама нормаларын, іскерлік этиканы, адалдықты және адаптацияның қызметтік құпияның құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу.

13. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке келесі құқықтар мен міндеттерді беру ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ұйымның ішкі құжаттарымен реттелген рәсімдер шенберінде, соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияның құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысының немесе сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығару туралы бастама көтеру;

3) Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасын бұзу немесе ықтимал сыйайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар негізінде қызметтік тексерулер жүргізу туралы бастама көтеру;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жиналыстар ұйымдастыру және өткізу;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның тұлғалары туралы, сондай-ақ сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындау кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпарат туралы құпиялылықты сактау;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша сыйайлас жемқорлық фактілері, корпоративтік этика кодексін және өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзу туралы жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз ету;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында заңнаманы бұзу ықтималдығы немесе фактісі бар кез келген жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаны (органды) уақтылы хабардар ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет азаматтар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтималдығы туралы ақпаратты хабарлай алатын, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізе алатын хабарлау арналары (мысалы, сенім телефоны немесе «жедел желі») құруы ұсынылады.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкері мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауды тиіс (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өзге де мұдделіліктің болуы).

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ұйым қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі түрде оқытууды қамтамасыз етуі тиіс, ол жұмысқа қабылдау сәтінен бастап, басқа лауазымға тағайындау кезінде, сондай-ақ біліктілігін арттыру барысында (жылына кемінде бір рет) жүргізіледі.

Оқыту әдістерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз бетінше айқындайды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жүргізілген сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу іс-шаралары бойынша есеп береді:

1) тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін тұлғага (органға), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына тиісті есептік ақпаратты ұсыну;

2) есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ына дейін жыл сайын есепті квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастыру.

20. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы өзінің шарттық серіктестерін, іскерлік әріптестерін және азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.

Орын.М.М.Жарылғапов М.
Тел.8(777)5711737